

ИРАННЫҢ СИРИЯДАҒЫ ӘСКЕРИ СТРАТЕГИЯСЫ

Картбаев Акылжан Мирханович

akylzhan.kartbayev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаларық қатынастар факультетінің 4 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Кілт сөздер: Иран, стратегиялық әскери саясат, Сирия шиеленісі, Башар Асад, Хомейни, альянс, ИГИЛ, Хезболла, Ирак,

Аннотация: Сириядағы әскери қақтығыстарды зерттеу отырып – Сирияның әскери стратегиясының өзгеру бағыты көрсетілді

1.1 Кіріспе

Жоғарыда көрсетілгендей, Сирия аймақтағы Иран қызығушылықтарын сақтап қалу мақсатында өмірлік маңызды рөлді ойнайды. Асад режимінің құлауы – Иран үшін Иран-Ирак соғысынан кейінгі ең үлкен стратегиялық сәтсіздік болмақ. Сол себепті 2011 жылы көтерілістің басталуымен: Иран – алауиттік одақтасының билікте сақтап қалуы мен режимнің әскери операцияларын қолдауға экономикалық ресурстарын барынша бағыттады. Иран шиеленіске араласуын консультативтік миссия деп атай отырып – өзінің рөлін төмендетуге тырысты. Дегенмен, Иранның Сирия шиеленісіне қатысуы – жүйелі стратегияланғандығы туралы көптеген дәлел бар.

Соғыс барысындағы оқиғаларға сүйене: Иран өзінің стратегиялық жүйесін дамытып отырды. Саяси сахнадағы жаңа акторлар Иранды – саясаты мен бастапқы амбицияларын өзгертуге мәжбүрледі.

Бұл бөлім – Иран аймақта басқыншылық стратегиясын дамыту мүмкіндігін көрсетеді. Иранның Сириядағы және жалпы Таяу Шығыс аймағындағы қорытынды қызығушылықтарын анықтауға – әскери операциялардың жан-жақты сипаты мен КСИР-дің өзгермелі рөлі көмектеседі. Берілген бөлімнің мақсаты: Иранның Башар Асадпен біріге отырып жүргізген әскери операциялары тұдырған – әртүрлі әскери операциялар кезендері мен аймақтағы оқиғаларға анализ жасау. Сонымен қатар, Ресейдің шиеленіске араласуы мен ИГИЛ рөлінің өсуі – Ислам Республикасының әскери операциясының өзгеруі бағаланатын болады. Иранның тарихи ливандық Хезболла тобының рөлі – Иранның ұзақ және қысқа мерзімді стратегиясын зерттеуде қолданылады.

Соғыс соңғы 8 жылдыққа созылғанымен – Иранның шыңайы операциялары әлі де жасырын болып келе жатыр. Осыған байланысты, осы бөлімдегі нақты деректер мен Иран стратегиясы – БАҚ құралдар ақпараты мен ресми берілген хабарларға сүйене отырып алынды.

1.2 Иранның әскери қорғанышты доктринасына қысқаша шолу

Сирия соғысындағы оқиғалардың Иран саясатына әсерін зерттеместен бұрын – Иранның соғыстағы позициясын түсіну мақсатында: Иранның әскери доктринасына қысқаша шолу жасау қажет.

Иранның әскери доктринасы негізінен қорғанышты сипат алған. Иран-Ирак соғысынан қайғылы жағдайда шыққан Иран – өзінің ұлттық қорғаныс стратегиясын дамыта бастады. Иран әскерилері заманауи маневрлы соғыс тәсілдерін зерттеуді қолға алды. “Тәуелсіздік” пен сыртқы қауіптерден қорғаныс – Иран қауіпсіздік саясатының негізін қалады. Иракпен соғыс аяқталғаннан соң Иран ұлттық әскери аппаратын қайта құрды. Иран баллистикалық ракеталар бағдарламасын Иракты ұстап отыру мақсатында – 1980 жылдары бастады. Ал қазір, баллистикалық ракеталар ұстап отыру стратегиясының – негізгі құралы. Иранның әскери доктринасы аймақтағы қауіптерге жауап ретінде құрыла бастағанын көріп отырмыз.

Иран-Ирак соғысы Иранның – аймақтағы жауларын айқын анықтады. Саддамды қарумен қамтамасыз ете отырып батыстық державалар – Аятоллаға қарсы әскери қысым көрсетті. АҚШ пен Израиль – Ислам Республикасының басты жауына айналды.

2001 және 2003 жылдардағы талиб режимі мен Саддам Хусейнге қарсы жүргізген АҚШ операциялары – Иран келесі кезекте екенін көрсетті. Осылайша, Иран қауіпсіздік стратегиясын тез арада қайта құрды. Иран шабуыл болған жағдайда аман қалып, партизан соғысы арқылы басқыншыларды елден қуып шығу мақсатында: “Мозаикалы доктрина” секілді қорғаныс концепциясын құрды.

Сунниттік көтеріліс сәттілігі мен Иранның АҚШ-қа қарсы прокси-соғысы – режимге қауіп төндіруші шабуылдың болу қауіпіне алаңдатушылық дәрежесін түсірді. Сондықтан-да, Иран қандай да бір тікелей кикілжіңге түсуден алшақ ұстануға тырысты. Хатами президентінің басшылығы кезінде жарияланған “жиырма жылдық жоспарында” Иран – өзінің қорғанышты позициясын бекітті. Құжатта: “Иран ұстап отыру жүйесіне және билік пен халық арасындағы одаққа сүйенген – қауіпсіз, тәуелсіз және мықты қорғаныс жүйесі бар мемлекетке айналады”- делінген.

2011 жылы Сирия соғысының басталуы – Иран ұлттық қауіпсіздік жүйесіне жаңа ауыр сынақ болды. Сирия билігінің құлауы – Иран шекарасында бүкіл жауларының орналасуына алып келеді. Сондықтан да, Иран Сирия соғысының басталуымен айтарлықтай әскери қолдауын Башар Асадқа бағыттады. Осылайша, Сирияда өз қызығушылықтарын қорғау мақсатында – аймақта орналасу дәрежесін өсірді. Алайда, оқиғалардың тез арада дамуы Иранның қорғаныштық позициясынан – агрессивті позицияға итермелеу мүмкін.

Иран қазіргі таңда АҚШ пен оның одақтастарын қорқыту керектігін түсіне отырып – баллистикалық ракеталары, қанатты ракеталары, қаруланған үлкен емес қайықтары, миналары мен кибер-мүмкіндіктері бар соғыс қамалын тұрғызды.

Осылайша, Сирия соғыс Иранның әскери доктринасына тарихи өзгеріс алып келетінің осы бөлімде көретін боламыз.

1.3 Сирия соғысындағы КСИР рөлі

Хомейни жарлығымен құрылған КСИР – 1978-1979 жылдардағы революцияда жеңісінен кейін революциялық режимнің идеологиялық күзетіне айналды. КСИР мемлекетті ішкі және сыртқы жаулардан қорғауға міндеттелді. Кудс тәуелсіз қызмет еткенімен – КСИР-ге бағынышты орган болып табылады. Шыңымен да, Кудс командирі генерал-майор Кассем Сулеймани өзінің номиналды КСИР басшысы генерал-майор Мохаммед Али Джафариге емес, Жоғарғы көшбасшыға тікелей бағынады. Сонымен қатар, Иранда – теңіз әскері, әуе әскері және жаяу әскері бар.

Қазірде КСИР Сириядағы Иранның басты әскери күшін құрады. Осылайша, КСИР-дің Сириядағы рөлі – Иранның соғыстағы шекарасы мен әскери доктринасындағы өзгерісті анықтауға көмектеседі. КСИР немесе Пасдаран – соғыс басталуымен Сириядағы Иранның бүкіл әскери операцияларына жауапты. Иран Сирияда бағынышты органдар арқылы қызығушылықтарын қорғауда: Жаяу әскер; Кудс-күші; Барлау қызметі; Құқық қорғау органдары.

Жалпылай айтқанда, Иран Сирияда екі бағыт бойынша жұмыс істеуде. Біріншіден, консультанттар мен көмек миссиясының негізге мақсаты: Асад режим күштеріне көмек көрсете отырып – Башар Асадты билікте ұстап отыру. Екіншіден, қосымша миссияның мақсаты: алавит билігінің құлауынан кейін аман қалу мүмкін – үкімет полициясы мен сенімді өкілдерге көмек көрсету болып табылады. Бұл – оның шекарасынан тыс аймақтарда прокси-топтарына құра отырып, Иранның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін – Ислам Республикасының қорғаныш доктринасына сай келеді. Алайда, Иранның Сириядағы стратегиясы өзгеріс тапты. Сириялық соғыс алаңындағы өзгерістер – Иранның өзінің әскери қызметін жаңадандырып, соғыс жүргізу тактикасын қайта құруға мәжбүрледі.

1.3.1 2011-2014 маусым: шектеулі консультативті рөлі

Соғыстың бастапқы кезеңдерінде Иран Сирияда консультативті рөлімен шектелді. ТАА(Train, Advise, Assist) – Асадқа көмек көрсетуші Революциялық гвардиясының негізге

мақсаты болды. Бастапқыда консультативті миссия – Асад операцияларына көмек көрсетуші КСИР жоғарғы лауазымды офицерлердің көмегімен шектелген болатын. Бұл кезеңде: 2012 жылдың жазында Кудс күшімен Ұлттық қорғаныс күшінің құрылуы – ең маңызды қадамдардың бірі болды. ҰҚК-ге бар сарбаздарды жинай отырып – КСИР эффективті жабдықтар мен дайындықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Ислам Республикасы ливандық Хезболла тобы арқылы ҰҚК-нің әскери дайындығын жүргізеді. Осы топ – Асадтың орталық және оңтүстік Сирия аймақтарындағы билігін ұстап тұруында басты рөлді ойнап отыр.

Ирандық дереккөздерде - КСИР саны 2014 жылға дейін тек еріктілерден жиналды және бағытталған жоспарлы операция болған жоқ деп жарияланған. Бұл – Иранның Сирия соғысындағы рөлін төмендету тәсілі болып табылады. Шыңымен де, берілген термин Асад режим қолдауын мойындамаудағы – шындыққа жақын ақпарат болды.

1.3.2 Маусым 2014 – қыркүйек 2015 – ТАА(дайындау, кеңес беру, көмектесу)

Асадтың соғыстағы жағдайы нашарлай бастағанда – Иран өзінің әскери операцияларында агрессивті бола бастады. Жергілікті оқиғалар оппозиция пайдасында айқатала бастады. Ал Асад маңызды аймақтарынан айырылды. 2014 жылы маусымда ИГИЛ-дің Мосулда ықпал ету аймағының өсуі – Иранның Сириядағы қызығушылықтарына қатты әсер етті. Мосулды ИГИЛ басып алғаннан кейін – Иран Мосулға Сириядағы ирактық шиит-сарбаздарын бағыттады. Сириядағы Иранның күшін күшейту үшін Хезболла 1000 сарбазын бағыттады. 2015 жылдың ортасында Асад ықпалы одан сайын төмендеді. Алайда, осыған қарамастан Иран классикалық ТАА миссиясын жалғастырды. Иран біршама зардап шекті, бірақ айтарлықтай масштабты емес. Себебі Иранның басты қызметі соғысу емес – техникалар мен операцияларды жоспарлау болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. “We have never seen such horror”: Crimes against Humanity by Syrian Security Forces, Human Rights Watch (2011)
2. RUSI (2016) Understanding Iranian Role in the Syrian Conflict; p.11
3. Fatima Al-Smadi (2017) Iran and the Arab Revolutions: Narratives Establishing Iran’s Monopolism p.22
4. Nada, G (2012) Iran’s Evolving Policy on Syria, The Iran Primer
5. Al Jazeera (2011), Ahmadinejad urges Syria to end crackdown: Iranian president makes surprise appeal to Syria to end violence and open dialogue with opposition. Retrieved from: <http://www.aljazeera.com/news/middleeast/2011/09/20119814058609374.html>